

Ж. ОШАН

ХУЭЙХЭ, ХУЭЙХУ– ХУЗХУР ЭТНОНИМИНІҢ ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

Көпшілік мамандар қытай әдебиеттерінде кездесетін юань хэ (袁纥), вэй хэ (韦纥), ву ху (乌护), ву хэ (乌纥), ву цзе (乌揭), хуэй хэ (回纥), хуэй гу (回鹘), вэй у эр (畏吾儿) дегендердің барлығы “Uyghur” этнонимнің қытайша транскрипциясы деп қарай отырып, “Uyghur” сөздің мәнісі ұйымдасу, бірлесу немесе бірігу деген мағынаны береді деп қарап келеді [1]. Дегенмен бұл айтылған транскрипциялардың барлығы бірдей «ұйғұр» этнонимінің транскрипциясы болмауы да мүмкін, осы орайда аталған транскрипциялардың ішіндегі вуху (乌护) және вухэ (乌纥) деген сияқтыларды ұйғұр этнонимінің емес, Uruz этнонимінің транскрипциясы деген көзқарас құптарға тұрады.

Белгілі болғанындай, біз Тан патшалығы дәуіріндегі (618—907 жж.) «Цзю Таншу», «Син Таншу» сияқты қытайдың әулеттік жылнамаларында ұйғыр этнонимін әуелде хуэйхэ (回纥) деген түрде транскрипциялап келсе, 788- немесе 789-жылдардан бастап хуэйху (回鹘) деген екі иероглифпен хаттап келгенін білеміз. Бұл транскрипция IX ғасырдың орта шенінде Моңғолиядағы Ұйғыр қағанаты ыдырағаннан кейінгі кезде де қолданыста болып келді. Алайда бұл дәуірде ұйғырлардың Синьцзян мен Ганьсуды мекендеген әртүрлі топтарын көрсетіп отырды. Ал ұйғырлардың шын мәніндегі этникалық тобы ретінде сақталып келген Бешбалық пен Тұрпанды мекендеген тұрғындарға ғана қолданылған «ұйғыр» этнониміне анағұрлым жақын транскрипцияны қытайлық әдебиеттердің беруі мейлінше соңғы кезде, атап айтқанда, моңғол дәуірінің тарихынан сыр шертетін «Юань ши» сияқты жылнамаларда бой көрсете бастады. Бұл әдебиеттерде Қарақожа (Qara-khodja//Qara-Qoia) мен Бесбалықтағы (Beş balıq) Ұйғыр Идықұтына [2] қатысты «вэй у эр (畏吾儿)» деген транскрипциясы жазылды. Дәл осы кезден бастап қытай деректерінде Тан патшалығы дәуірінен дәлірек айтқанда 788-789-жж. бастап тұрақтанып келген «хуэйху» деген тіркес өзгеріске түсті. Нәтижесінде вэй у эр (畏吾而), Вэй ву (伟兀), Вэй ву (卫吾), Вэй ву (委兀), Гуй гу (瑰古), ву юй (乌鹘), вай ву (外五) деген сияқты бір топ транскрипция кездесті. Бірақ қатысты әдебиеттерде бұл этноним Идүкүт ұйғырларына ғана қатысты қолданы. Бұл транс-

крипциялар дыбысталуы жағынанан «ұйғыр» этнонимінің дыбысталу үлгісіне әлде қайда жақындай түсті.

Ондай болса бұған дейін қытайларда бұл этнонимді анағұрлым дәлдікпен транскрипциялап шығудың мүмкіндігі болмағаны ма? Егер олардың мұндай мүмкіндіктері болса, онда ұйғыр этнонимінің Тан дәуіріндегі «хуэйхэ» және «хуэйху» деген транскрипциясы не себепті жасалған? Бұл туралы «Синь Таншу» сияқты кітаптарда азды-көпті мәлімет кездеседі. Мәлімет бойынша, 789 жылы Ұйғыр қағанатының кезекті бір қағаны [3] Тан патшалығын елші жіберіп, патшаның өзіне құнчүйын ұзатқан мейір-шапағатына рахметін білдіреді әрі осы орайда өздерінің атын өзгерту туралы: «Сіздер қазіргі кездегі біздің халықтың атын хаттап келген хуэйхэ (回纥) деген атын өзгертіп, оның орнына халқымыздың сұңқар құстай алғыр әрі қырағы қасиетін толық бейнелей алатын хуэйху (回鹘) деген иероглифпен хаттасаңыздар екен» [4] деп өтініш жасағаны жазылған. Бұл туралы «Цзю Таншу» кітабында: (809-ж.) Гэ дэ кэ ли лу мо эр ши хэ ми пи цзя кэ хань [5] елші аттандырып: «(хуэйхэ 回纥) деген аттың орнына құйғыта ұшқан сұңқар құстай қағылез деген мағына беретін хуэйху (回鹘) деген атпен атауды сұрады» [6] деп жазады. Бұл тектес мәліметті «Тан хуэй яо» кітабы: “...бұрынғы хэ (纥) иероглифінің орнына ху (鹘) иероглифін қолданса мемлекеттің сұңқар құстай ғаламат кескін-келбеті айқын көрінер еді деп өтініш бергенін” жазған [7].

Ат өзгертуге байланысты айтулы өтініштің жасалуына сол тұстағы қытай тіл жазуына сауатты этникалық ұйғырлардың болуымен қатар, олардың қатарында ұйғыр тілін білетін этникалық қытайлардың да болуы себеп болған. Дегенмен осы реткі ат өзгертуге қатысты өтінішті ортаға кою ісі ұйғыр қағанына ұзатылған қытай құнчүйімен қатысты деген пікір де бар. Бұл жол-ғы құдалықта табғаш қағаны өзінің сегізінші қызы Сянь Ан гунчуды ұзатқан. Табғаш құнчүйінің қалың малы үшін ұйғыр қағаны табғаш қағанына бір деректе 2000 жылқы бергені, екінші бір деректе 3000 жылқы бергені сөз болады. Құдандалық Чжэньюань жылнамасының төртінші жылы яғни 787 жылы болған. «Танхуэй яо» кітабы бізге аталған құнчүйі ол елге ұзатылып барғаннан кейін елдің атын өзгерту туралы осы өтінішті қойған деген

сарындағы деректі береді [8]. Бұл жағын екінші бір қытай тарихнамасы «Цэ фу юань гуй» кітабы де растай алады [9].

Қайткен күнде де бұл жолғы ұйғыр этнонимі туралы жасалған өзгеріс ұйғыр этнонимінің сол тұстағы нақтылы мән-мағынасын толық ұғынғаннан кейін қолға алынған шара болып отыр.

Айтулы деректерде көрсетілгендей, бұл жердегі ат өзгертуге қатысты уақиға бір ғана иероглифке қатысты болып отыр. Жай қарағанда бұнда тұрған ешнәрсе жоқ сияқты болғанымен, ұйғырлардың бұлай ғана осыған дейін қытай елінің өз қағанатының атына қатысты қолданып келген хэ (纒) иероглифінен безініп, ху (鶻) иероглифіне қызығушылық танытуында үлкен мән жатқан тәрізді. Мұндағы ху (鶻) иероглифінің бір мәнісі қытай жерінде тіршілік ететін сұңқар тұқымдас бір құспен қатысты болып келеді. Ендеше барлық гәп осында жатқаны белгілі. Бұл жағын жоғарыдағы қытай деректері де көрсетіп отыр. Ондай болса ұйғыр сөзінің ту бастағы мәнісі көшпенділер кие тұтатын бүркіт, қырғи, сұңқар, лашын сияқты қыран құспен қатысты болған болар, сол себепті олар бұрынғы жібек матаға байланысты «хэ» иероглифін қолданыстан алып тастап, оның орнына сұңқармен қатысты «ху» иероглифін қолданып, сол арқылы өз аттарын анағұрлым дәл көрсеткісі келген болар. Мәселенің мән-жәйі шынымен солай болған тәрізді.

Бұл жағын түркі халықтарының төл тумасы М. Қашқаридың мәліметтері де растай алады. М. Қашқари өзінің әйгілі еңбегінде «ұйғыр» туралы: «Ұйғыр. Бес шаһарлы бір елдің аты.

Маған Мұхамед Шәкір Тоңқаған ұлы Низаметдин Исафили бабасының білгендерін былай хикаялаған еді: Зұлқарнайын ұйғыр еліне жақындап келгенде түрік халқы (Түрік қағаны? – О.Ж.) оған төрт мың адам жіберді. Олардың бастарындағы биік қалпақтарының қанаттары құлды лашын қанаттарындай еді. Оқты алдына қарай қалай атса, арқасына қарай да сондай шеберлікпен ататын еді. Зұлқарнайын бұларға қайран қалып: «*اینان حۇد حۇرەند*: inan huzhurənd: інан Нұдзхүрəнд—бұлар басқаларға кіріптар болмай өз азығын өздері тауып жейтіндер екен; бұлардан аң қашып құтылмайды; қашан қаласа сол кезде атып жейді» - депті. Содан бері бұл ел «*حۇزۇر*: huzhur—нұдзхүр» деп аталған екен. Кейін келе «*ح* –*h*» әрпі «I – әліпке» (харакатты әліпке—А.Е.) ауысқан. Бұл секілді тамақ әріптері бір-біріне жиі алмасады. «*ح* –*h*» әрпінің «I – әліпке», «I – әліптің» «*ح* –*h*» әрпіне алмасуы жиі ұшырайды” деп жазады. Автор онан ары «*حۇزۇر*: huzhur—нұдзхүр» сөзінің «ұйғыр» сөзіне өзгеру заңдылықтарын анықтауды

қолға ала отырып: “ «*ح* –*h*» әрпі «I – әліпке» алмасумен бірге, «*حۇز*—нұдз» дағы «*ز* –*z* –*dz*» әрпі «*ح* –*h*» әрпіне алмасқан. Бұл «*ز* –*z* –*dz*» әрпінің «*ح* –*h*» әрпіне алмасуы негізгі ереже, сонан соң «*حۇز* –*huz* –*huz*» сөзіндегі «*ح* –*h*» әрпі «*ح* –*h*» әрпіне алмасқан. «*ح* –*h*» әрпінің «*ح* –*h*» әрпіне, «*ح* –*h*» әрпінің «*ح* –*h*» әрпіне алмасуы көп кездесетін жай. Арабшадағы «*حۇزۇر*» «*حۇزۇر*» деген сияқты” деп жазды [10].

Мұндай болғанда Рашид ад-Дин, Әбілғазы қатарлы авторлардың ұйғыр сөзінің мән-мағынасы туралы «ұйю» [11], *uimaq* (уишақ) [12] деген сөзге қатысты деген түсініктемелері «ұйғыр» сөзінің қазіргі тұлғасы қалыптасқаннан кейінгі уақытта жасалған түсініктеме болмақ. Бұл сөздің ту бастағы мәнісі олардың көшпенді кездегі жауынгерлік келбетімен байланысты болған. Шын мәнінде М. Қашқари еңбегіндегі ұйғыр сөзінің әуелгі формасы болған «хұзхұр» сөзінің мән-мағынасы туралы жазғандары мен қытай деректеріндегі «хуэйху» сөзіне жасалған түсініктемелер керемет үндестік тауып отыр. Ондай болса ұйғыр сөзінің «хұзхұр» деген ертедегі үлгісі мен қытай деректеріндегі «хуэйху» деген үлгісінің мән-мағынасы айтулы еңбектерде атап көрсетілгендей сұңқар немесе лашын құспен қатысты болмақ. Сонымен, Тан патшалығы дәуіріндегі «хуэйхэ» және «хуэйху» деген транскрипциялар «ұйғыр» деген сөздің транскрипциясы емес, ол М. Қашқари айтқандай, «ұйғыр» сөзінің төркіні болған «хұзхұр» сөзінің қытайша транскрипциясы болуға тиіс. Мұнда қытайлар тарапынан жасалған алғашқы транскрипция болған «хуэйхэ» бұл қытайлардың ұйғыр сөзінің сол тұстағы келбетіне яғни М. Қашқари көрсеткен «хұзхұр» сөзіне жасаған бастапқы кездегі транскрипциясы болып шығады, ал келесі транскрипция «хуэйху» болса, ол «хұзхұр» сөзінің транскрипциясы мен мағыналық аудармасы шеберлікпен үйлесім тапқан жаңаша үлгісі болып табылады. Себебі «хуэйху» транскрипциясының өнбойынан «хұзхұр» сөзінің дыбысын да, бұл сөздің лашын, сұңқар, қырғи сияқты қыран құспен қатысты мағынасын да табудың мүмкіндігі табылады.

Осы жағын ескергенде «хуэйхэ» және «хуэйху» транскрипциялары шығудан бұрынғы жоғарыда көрсетілген юаньхэ, вэйхэ, вуху, вучзе деген транскрипциялардың да біразы ұйғыр этнонимінің емес, керісінше «оғыз» этнонимінің әр дәуірдегі әртүрлі транскрипциясы болады. Мұндай болғанда қытай деректеріндегі қатысты мәтіндерді түсінуде орын алып келген бірқыдыру қиыншылықтарды шешудің жолы ашылады.

Мысалы үшін айтар болсақ біз осы орайда «Синьтаншу», 217–цзуань, «Хуэйгу (Хуэйхэ) бая-

нына» жазылған: «Хуэйхэлдердің арғы ата-тегі сюнну, күнделікті тұрмыста көбінесе биік доңғалақты арбаны пайдаланады. Юань-вэй патшалығы дәуірінде гаочэ деп аталған. Немесе чилэ деп аталды. Олар телэ деп жаңсақ аталып та келді. Олардың рулары юаньхэ, сюе-юньто, циби-юй, дубо, гулигань, доланьгэ, путу, ба-е-гу, тунло, хунь, сыцзе, хусюэ, сицзе, аде, байси деген он бес рулы елден құралып, керім шөлдін терістігіне шашырай қоныстанды» Юаньхэ у-ху деп те аталды, кейде у-хэ делінді. Суй патшалығы кезінде Вэйхэ деп аталды. Ол елдің халқы аса ержүрек әрі қайсар болып келеді. Ту баста ел иесіз болды, судың тұнығын, шөптің сонысын қуалап көшіп-қонып жүрді, олар шеттерінен мықты шабандоздар мен мергендер болып, барымта-сырымтаға жаны әуес еді, бұл кезде олар түріктердің билеуінде болды. Түріктер оларға мал-мүлік беріп, қолдау көрсетіп отырғандықтан, олар солтүстік даланың мықтысына айналды. Даие жылдарында [605—618 жж.] Чуло қаған телэлерге шабуыл жасап, олардың мал-мүліктерін тартып алды, одан кейін бұлар кек сақтап жүрмесін деген оймен олардың атқамінерлерінен бірнеше жүз адамды шақырып алып, оларды түгелімен өлтіріп, мәйіттерін ор қазып көміп тастады. Сонымен хуэйхэлар пугу, тунло, ба-е-гулермен бірлесе отырып көтеріліске шығып, өз араларынан іркін тағайындап, өздерін хуэйхэ деп атады [13] деген сияқты деректерді жалаң түрдегі ұйғыр тұрғысынан емес, оны түркі руникаларында кездесетін «оғыздар», «тоғыз оғыздар» туралы ұғыммен және қытайлардың «тоғыз телэ» туралы ұғымымен байланыстыра түсінуімізге тура келеді.

ӘДЕБИЕТ

1 Фэн Цзяшэн, Чэн Суло, Му Гуанвэнь. Ұйғыр тарихына қатысты деректер. I том. 2-, 3-бб. (冯家升, 程溯洛 穆广文 著《维吾尔族史料简编》, 上册. 民族出版社. 1981 年).

2 «Юань ши» кітабындағы кезекті ұйғыр идүкқұтының қытай иероглифтерімен 巴儿术阿而忒的斤亦都护 (Баэршуа-эртэ дэцинь идуху) деп хатталған есімін қытайлық түрколог Хань Жулинь: "Barchuq-Alt-Digin Iduq-qut" деп қалпына келтірген (қараңыз. Хань Жулинь. Цюнь лу цзи, Шанхай. 316-бет(《群儒林》:《穹庐集》, 上海 1982 年).

3 Бұл уақиғаның болған жылы туралы қытай деректерінде ұқсамастықтар бар. «Син Таншу» мен «Тан хуэй яо» бұл уақиғаны жеке-жеке 788-, 789-жылдардың еншісіне жатқызса, «Цзю Таншу» кітабы 809-жылды көрсетеді. Егер аталған уақиға 788-, 789- жылдары болған болса онда ол кездегі қағанның есімі Alp qutlugh bilga qaghan (қытайшасы 合骨噉禄毗伽可汗) Хэ гу чо лу пи цзя кэ хань) болып шығады, ол тағы Ton baqa tarqan деген атпен белгілі 780–789 жылдар аралығында қаған болды.

4 «Синьтаншу», 217–цзуань, «Хуэйгу (Хуэйхэ) баяны» («新唐书» нұсқасы(《新唐书》 卷217 《回鹘传》, 中华书局标点本.); Еженханұлы Б., Ошан Ж. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар 2-бөлім. Алматы, 2006. 352-бет.

5 Жапон ғалымы Сагучи Тору бұл қағанның 薄德合里禄没弥施合密毗伽可汗 (Ай дэ хэ ли лу мо ми ши хэ ми пи цзя кэ хань) деп хатталған атына жасалған "Ai tdnggridd qut bolmiš alp bilgd qaghan" деген реконструкциясын құптайды (қараңыз: Сагучи Тору — 佐口透: «《旧唐书》: «《回纥传》笺注», 载佐口透等译注《骑马民族史(正史北狄传)》第二卷, 1978 年东京版(қытайша аудармасы =余大均译:《北方民族史及蒙古史译文集》, 云南人民出版社, 2003 年, 第164 页). Егер ұйғырлардың ат өзгерту уақиғасы осы кезде болған болса, аталған қаған таққа отырған уақыты 808—821 жылдарға тура келеді. Әйткенмен Ai tdnggridd qut bolmiš alp bilgd qaghan мен оның алдында 795—805 жылдары тақта отырған Адіз (ddiz) әулетінен шыққан Qutlugh sdngьn немесе Tdnggridd ьlg bolmiš alp qutlugh ulugh bilgd qaghan арасында Kьlug bilgd qaghan деген тағы бір қаған өткен деген пікір бар.

6 «Цзю Таншу.Хуэйхэ баяны» («旧唐书.回纥传»).

7 «Тан хуэй яо» 96–цзюань («唐会要» 卷九八).

8 «Тан хуэй яо» 96–цзюань («唐会要» 卷九八).

9 «Цэ фу юань гуй» 967 –цзюань («册府元龟» 卷九六七).

10 Махмұт. Қашқари. Түрік сөздігі. А.Қ. Егеубаев қазақша аудармасы, Алматы: «ЖАНТ», 1997. 142–143–6б; Махмұд ал-Кашғари. Диван Лугат ат–Турк. Перевод и предисловие З.–А. М. Ауэзовой. Алматы: Дайк–Пресс, 2005. С.140, 141.

11 Әбілғазы. Түрік шежіресі. Б. Әбілқасымұлы аудармасы, Алматы: Ана тілі, 2006. 36–б.

12 Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. Книга первая. М.–Л., 1952. С. 83, 84.

13 Қытайша «цзюсин телэ» («九姓铁勒») делінеді. Бұл енді тоғыз оғыз деген сөздің баламасы ретінде қаралады.

14 «Синьтаншу», 217–цзуань, «Хуэйгу (Хуэйхэ) баяны» («新唐书» нұсқасы(《新唐书》 卷217 《回鹘传》, 中华书局标点本.); Еженханұлы Б., Ошан Ж. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар 2-бөлім. Алматы, 2006. 330–331–6б.

Резюме

Идентифицируются этнонимы “хуэйхэ”, “хуэйху китайских хроник и этноним “хузхур” в. Диван Лугат ат–Турк Махмуд ал–Кашғари.

Summary

This article is devoted the ethnonimis “huihe”, “huihu” which were seen in Chinese chronicles and which were compared with “Huzohur” «Diwan Lughat at-Turk» by Mahmud al-Kashghari.